



ОРИЕНТАЛИЗМ

Ориентализмнің зерттеу нысаны
және негізгі бағыттар (мектептер).
Ориентализм және Таяу Шығыс



Кітап: Ориентализм

Дәріс: 6. Ориентализмнің зерттеу нысаны және негізгі бағыттар (мектептер).
Ориентализм және Таяу Шығыс

Мақсаты: Батыс ориентализмінің нысанын анықтау. Талдауға алынған нысандардың географиясына тоқталу. Саидтің Шығыс ретінде Таяу Шығысты қарастыруына талдау жасау.

Осы дәрістер курсының басында Шығыс жайлы ғылымның географиясы ғана емес, оның зерттеу нысаны, қарастыратын проблемалары да өте ауқымды екенін айтқан болатынбыз. Алдымен Шығыстың географиялық ұғымын еске ала кетейік. Қазіргі шығыстану/ориенталистика ғылымында Шығыс елдері олардың тіліне қарай оқып-зерттеледі. Соған байланысты ол өз ішінде арабистика, иранистика, египтология, семитология, ассириология, шумерология, урартология, кумранистика, малаистика, ирантану, түркітану, синология (қытайтану), моңғолтану, үндітану, жапонтану және т.б. аймақтық сипатқа ие болған. Соған байланысты қазіргі заманғы зерттеулер Таяу Шығыс, Қиыр Шығыс, Оңтүстік-Шығыс Азия деп аймақтарға топтастырылып жүргізіледі. Бұл бізге жақсы белгілі.

Ал Эдвард Саидтің «Ориентализм» еңбегі, оның зерттеу әдістері туралы айтқанда анықтап алатын сұрақтар бар. Ол біріншіден географияға қатысты. Егер ориентализм бұл Батыстың Шығысты отарлау, мәдени үстемдік жасау идеясынан туған болса, онда Батыс өз мүддесін қай Шығыс елдерінен көздеп отыр? Қай Шығыс елдері туралы сөз болып тұр? Басқа/өзге (other) деген кім?

Екінші мәселе, ол бірінші сұрақпен тығыз байланысты: Саидтің Батысқа, ориентализмге жасаған тұжырымдамасын, зерттеу әдістерін кез келген Шығыс елдеріне қатысты қолдануға бола ма? Бұл әсіресе жас зерттеушілер үшін, студент аудиториясы үшін маңызды.

Бірінші сұрақтың жауабы ориентализм ұғымының Саид ұсынатын үшінші – дискурс ретіндегі, дихотомияға/айырмашылыққа негізделген ойлау жүйесі түсінігімен байланысты, яғни Батыс империялық саясат жүргізген, мәдени ориентализм елдері. Олар біреу емес, бұл жерде Батыс ұғымы империяларды, Шығыс ұғымы отар болған елдерді қамтиды.

Саидтің еңбегінде Шығыс географиялық кең ұғым, алайда ол нақты Таяу Шығыс елдерін мысалға ала отырып талданады.

Саидтің өзі атап көрсеткендей еңбекті жазу барысында тұрған алғашқы міндеттердің бірі зерттеу нысанына қатысты болды. Көтерілген тақырыптың өзектілігін көрсетіп, оны барынша ашу үшін, Батыс авторларының еңбектері арасынан негізгі идеяны ашуға көмек беретін неғұрлым көрнекі, белгілі еңбектерді таңдап алуы қажет болды. Ал бұл оңай нәрсе емес екені түсінікті. Себебі Батыс авторларының Шығыс жайындағы тарихта қалған бүкіл шығармашылық мұрасын жинау, одан қажет материалды табу оңай жұмыс емес. Алдында айтылып кеткендей, әр мәтіннің немесе шығармашылық туындының жазылған дәуірі, аумағы, тілі, ол жазылған немесе туындаған орта, мәдениет болады. Кез келген мәтін немесе өнер туындысы ол өзі жазылған дәуірдің, ортаның, идеологияның басқа дәуірге жеткен бөлшегі, мысалы, бұған қатысты қазақ тілінде «Ғасырлар үні», «Бес ғасыр жырлайды» деген атаулар бар.

Саид өзінің еңбегінің зерттеу материалына қатысты былай дейді: «Ориентализм туралы айту дегеніміз – бұл ең алдымен, сан түрлі салаларды қамтитын британдық және француздық мәдени өндіруші (British and French cultural enterprise), жоба (a project) туралы айту, тұтастай алғанда Үндістан мен Левант, Инжіл мәтіндері мен географиясы, дәмдеуіштер саудасы, отарлаушы әскерлер және ұзаққа созылған отарлаушы әкімшілік дәстүр, алып ғылыми корпус; таусылмайтын Шығыс «сарапшылары» мен «мамандары», профессура, жергілікті европалық қажеттілікке ыңғайландырылған күрделі «шығыс» идеялық жүйесі (шығыс деспотизмі, шығыс салтанаты, қаталдық, сезімталдық), көптеген шығыс секталары, философия мен даналық жайлы айту – бұл тізімді шектеусіз жалғастыра беруге болады. Мен ориентализм бір жағынан Британия мен Франция, екінші жағынан XIX ғасыр басына дейін тек Үндістан мен қасиетті (Инжіл) жерлерді білдірген Шығыс арасында орнаған ерекше байланыстан шығады деп санаймын. XIX ғасырдың басынан және Екінші дүниежүзілік соғыстың соңына дейін Франция мен Британия Шығыста ориентализм саласында да үстем болды және оларға түсіністік жағынан Америкаға қосылды. Аса өнімді көрінетін осы байланыстардан салыстырмалы түрде алғанда Батыстың (Англия, Франция немесе Америка) қуатын танытатын, мен ориенталистік деп санайтын мәтіндердің үлкен тобы анықталады. Менің дәйегім үшін жинақтала келіп ориентализм канонын құрайтын Шығысқа қатысты мәтіндердің толық тізімі де, мәтіндердің, авторлардың, олардың идеяларының екшелген тізімі де маңызды емес. Мұның барлығының орнына мен басқа



Кітап: Ориентализм

Дәріс: 6. Ориентализмнің зерттеу нысаны және негізгі бағыттар (мектептер).
Ориентализм және Таяу Шығыс

баламалы әдістеме қолданамын – осы Кіріспеде сөз болған тарихи жалпылаулар жиынтығы оның өзегі болып табылады». Саидтің зерттеуінің бастауы – тұтастай қарастырылатын британдық, француздық, америкалық тәжірибе. Мұның өзінің ішінде Саид ағылшын-француз-америкалық тәжірибенің араб әлемімен және ислам әлемімен байланысты арнайы бағытын нақтылап алады. Ол көрсеткендей, бұл екі әлем тұтас мыңжылдық бойы Шығыстың ажырамас көрінісі болды.

Саид осы жолмен жүру арқылы, Шығыстың аса маңызды басқа бөлігі – Үндістан, Жапония, Қытай және басқа елдерді зерттеу нысаны ретінде қарастырмайды, бірақ бұл ол елдердің маңызының төменділігінен емес, керісінше, Европаның Таяу Шығыспен өзара қарым-қатынасын Қиыр Шығыс елдерінен тыс, дербес қарастыра алу мүмкіндігімен байланысты. Бұл нені білдіреді? Бұл тарихи-саяси процесс. Біріншіден, Европа үшін Шығыс ұғымы жүздеген жылдар бойы Таяу Шығыспен байланысты болды, екінші жағынан Батыс пен Шығыстың қарым-қатынасын Европа-Таяу Шығыс қарым-қатынасы деп қарастыру көтеріліп отырған тақырыптың идеясын ашуға жеткілікті материал бере алады, ал Қиыр Шығыстың қатыспауы оған нұқсан келтірмейді. Керісінше, Европаның Шығысқа қызығушылығы туралы сөз болғанда оны Мысыр, Сирия, Парсы Шығанағындағы араб елдерінсіз, ал кейбір тарихи дәуірлерде Персия мен Үндістансыз қарастыру мүмкін емес. Бұл Европа мен осы елдер арасындағы тарихи байланыстың тереңдігін көрсетеді.

Сонымен, Саид ориентализм аясында Шығыс жайлы британдық-француздық-америкалық тәжірибеге талдау жүргізеді. Ал бұл өз кезегінде ориентализм тұжырымдамасын талдауға Шығысты зерттеуге айтарлықтай үлес қосқан Германия, Италия, Испания, Ресей, Португалия елдері қарастырылмайды дегенді білдіреді. Мұнымен бірге Таяу Шығысқа қатысты XVIII ғасырда жүргізілген іргелі зерттеулердің бірі – мәдениеттер жайлы ғылымға үлкен жаңалық әкелген Инжіл жайлы жазбалар да зерттеу нысаны ретінде алынбайды.

Саидтің британдық-француздық-америкалық зерттеулерді бөліп алуының тағы бір себебі – ол дәл осы елдердің Шығыс жайлы зерттеулердің басында тұруына да қатысты. Оған себеп – Франция мен Британияның Таяу Шығыс елдерінде түпкілікті бекіген отарлық жүйесі.

Бұл екі елдің Таяу Шығыстағы позициясы Э. Саид ориентализмге берген белгілі үш анықтамасын – ориентализм ол 1) ғылыми бағыт; 2) ойлау жүйесі; 3) ұжымдық институт деген ұстанымын нақтылай түседі.

Батыстың Шығыс жайлы танымының үлгісі ретінде америкалық зерттеулердің таңдалып алынуына келсек, Саид оны негізінен оған дейін қалыптасқан британдық және француздық үлгіге жақын келеді деп санайды. Олардың арасындағы айырмашылық олардың пайда болған мерзімімен байланысты – Европа елдерінің тәжірибесі XVIII ғасырда пайда болып, XX ғасырда жалғасса, америкалықтардың тәжірибесі XX ғасырдың екінші жартысынан – Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуынан басталады.

Саид Британия, Франция, Америка елдерінің авторлары ориентализм бойынша барынша терең, салмақты, жүйелі және көп еңбектер тудырды деп санайды. Бірақ бұл осы салаға жоғарыда аталған басқа европалық елдердің – Германия, Голландия, Австрия, Италия, Испания және т.б. қосқан елеулі үлесін жоққа шығармайды. Жоғарыда айтылғандай, Саидтің өз идеясын тұжырымдап беруіне оның өзі қарастырған елдердің материалы жеткілікті болды. Бұл жерде «Батыстың Шығыс жайлы зерттеулері» деген ұғымның өзі жалпы алғанда өте кең, жан-жақты екенін ұмытпаған жөн. Біз оның қатарына мысалы, Орталық Азия, Қытай, Моңғолия, Иранға қатысты Ресей тарихнамалық, лингвистикалық, этнографиялық т.б. зерттеу дәстүрін қосуымызға болады.

XVIII ғасырдан, кей аймақтарда одан да ертерек Ресей империясы мен бұл елдердің арасындағы қарым-қатынастар нәтижесінде туған ерекше дәстүр Батыс Европа үшін беймәлім, жалпы алғанда жеткілікті зерттелмеген тақырып болғанмен, оның өзіндік мәнін еш кемітпейді. Керісінше, Батыс пен Шығыс дихотомиясының белгілі тәжірибесіне сүйене отырып, оны өз аумағына қатысты теориялармен, нақты еңбектермен толықтыру қажеттігін айқындай түседі.

Жоғарыда аталғандай, Шығысқа қатысты зерттеулер немесе ол жайлы көзқарас пен пікір тек Батыс авторларының туындыларымен ғана шектеліп қалмайды. Шығысты, әрине, ең алдымен оның өз ғалымдары зерттеп, тарихта ол жайлы мәліметтерді шығыс халықтарының өздері қалдырды. Бұл, әсіресе, адамзат тарихында өмір сүрген көне шығыс өркениеттері Мысыр, Қосөзен (Месопатамия), Қытай, Үндістан сияқты елдердің тарихында туындаған білім



Кітап: **Ориентализм**

Дәріс: **6. Ориентализмнің зерттеу нысаны және негізгі бағыттар (мектептер).
Ориентализм және Таяу Шығыс**

мен мәдениетке қатысты. Әлемдік дамуға үлес қосқан халықтар өз таңбасы мен жазуын жасап, әртүрлі тас, ағаш, тері, сүйек т.б. материалдарда өз мәдениетінің ізін қалдырды. Ортағасырлық араб-мұсылман ғылымы өзінің шығармашылық қуаты, ғылыми жаңалықтары мен технологиялары арқылы сол өркениеттің құрамына енген халықтардың мәдениеті мен ғылымының тарихы үшін бүгінгі күнге дейін өз маңызын жоймаған туындыларды әкелді. Шығыста жаңа заманғы Европа халықтары мәдениетінің ықпалымен жаңа мазмұндағы сыни, реалистік зерттеулер сол бай мұраны толықтыра түсті. Олардың барлығы түптеп келгенде тек шығыстану ғана емес, әлемдік ғылыми ой-сананың мол қазынасы. Ол өз алдына жеке мәселе.

Э. Саидтің ориентализм объектісі ретінде Британия, Франция елдерінің Таяу Шығыс бойынша тәжірибесін таңдауының алғышарттары мен себептеріне қатысты осыны айтуымызға болады. Оған толығымен негіз бар, оның нақты дәлелі ретінде сол ғылыми мектептердің жекелеген негізгі өкілдері мен олардың осы салаға қосқан үлесіне тоқтала кету қажет.

Бұл тақырыпта ең алдымен, әрине, әйгілі француз египтологы **Жан-Франсуа Шампольон (фр. Jean-François Champollion) (1790–1832)** есімі аталады. Ол ежелгі Мысырдың тілі мен жазуын (иероглиф), тарихын, мәдениеті мен археологиялық ескерткіштерін зерттейтін кешенді ғылым египтологияның негізін қалаған. 1822 жылы 14 қыркүйекте Розетт тасы жазуының кілтін табу арқылы Мысыр иероглифтерін оқуға мүмкіндік ашты. Бұл жөнінде 1822 жылы 22 қыркүйегінде ол Париждің Жазу Академиясында ресми түрде хабарлап, иероглиф жазуы бойынша жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелерін баяндады. Бұл шын мағынасындағы ғылыми жаңалық болды. Осыдан бастап бұл күн египтологияның негізі қаланған күн болып саналады. Ол бұдан кейін де зерттеулерін жалғастырып, бұл саланың негізіне айналған іргелі еңбектер – мысыр тілінің алғашқы грамматикасы мен сөздігін жазып қалдырды.

Француз шығыстанушылары қатарында жастайынан иврит, араб, парсы тілдеріне үлкен қызығушылық танытқан **Абрахам Гиацинт Анкетиль-Дюпперрон (1731–1805)** есімі айрықша аталады. Европадағы салыстырмалы тіл білімінің қалыптасуы мен дамуы Анкетиль-Дюпперрон есімімен тығыз байланысты. 1755 жылы ол Үндістанға сапар шегіп, санскрит, авеста, көне парсы және орта парсы тілдерін үйренуді алдына мақсат етіп қояды. Ол бұл мақсатына табыспен жетіп, 1762 жылы Францияға 108 қолжазбамен оралады және аталған шығыс тілдерінің аудармашысы ретінде Король кітапханасына қызметке қабылданады. 1763 жылы ол өзінің шығыс сапарларында жинаған материалдарын жариялауды қолға алады. Ол 1771 жылы үштомдық «Зенд-Авестаны» баспадан шығарады. Бұл басылым зороастризмнің қасиетті мәтіндері жинағынан, зороастризмдегі өмірдің сипаттамасы және Зороастрға тиесілі деп саналатын шығармалардың фрагменттерінен құралғанымен маңызды.

Оның ориентализмге қатысты басты еңбектерінің қатарында 1778 жылы Амстердамда шыққан «Legislation orientale» атты еңбегі бар, онда ғалым «шығыс деспотизмі» деген түсініктің дұрыс еместігін дәлелдеуге тырысқан.

1786–1787 жылдары парсы қолжазбаларынан 4 упанишадтың француз тіліндегі аудармасын, 1801–1802 жылдары үнділердің қасиетті кітаптарынан латын тіліндегі үзінді аудармалар жариялайды. Парижде санскрит терминінің парсыша баламасы «Oupnek'hat» деген атпен латын, грек, парсы, араб тілдері мен санскрит бойынша зерттеулер жинағын шығарады.

Ал британдық ориентализмнің көрнекі өкілі сэр **Уильям Джонс (1746–1794)** салыстырмалы-тарихи тіл білімінің негізін салған. Ол 13 тілді жетік, 27 тілді салыстырмалы түрде жақсы меңгерген зерттеуші. Дания патшасы Кристиан VII өтініші бойынша, ол парсы тілінен француз тіліне «Надир-шахтың тарихын» аударды. Бұл еңбек оның Шығыс тарихы мен әдебиетіне арналған көптеген еңбектерінің алғашқысы болды. Корольдік Қоғамның мүшесі ретінде ол Үндістан жайлы өте іргелі зерттеулер жүргізгені өткен дәрісте айтылды.

1774 жылы Уильям Джонс араб, парсы, түрік метрикасы мен поэтикасы бойынша «Poeseos Asiaticae Commentariorum libri sex» зерттеуін баспадан шығарады.

Ол 1783 жылы Калькуттада Бенгалияның Жоғарғы сотына қызметке қабылданады. Европа ғылымына бейтаныс Үндістан мәдениеті Джонсты өте қызықтырады. Бұдан кейін он жыл бойы Джонс тарих, музыка, әдебиет, ботаника мен география бойынша қызықты еңбектер жазып, үнді тарихындағы көптеген маңызды ескерткіштер мен құжаттарды ағылшын тіліне аударды. Джонс еңбектеріне дейін Үндістанның мәдениеті Европаға жақсы таныс емес еді. Сэр Джонс осы олқылықтың орнын толтырып, Европаға Үндістанның құпиясы мол мәдениеті мен тарихының қыр-сырын танытты.



Кітап: **Ориентализм**

Дәріс: **6. Ориентализмнің зерттеу нысаны және негізгі бағыттар (мектептер).
Ориентализм және Таяу Шығыс**

Үндістанда ағылшындар билігінің нығаюы жергілікті заңдарды білуді қажет етті. Осы талапқа сай үнді заңдарының алғашқы жинағы құрастырылады. Алайда аударма санскриттен емес, парсы тілінен жасалды, оған себеп – пандиттер заңдарды құпия сақтау үшін осы еңбектің құрастырушысы Уильям Холхедке санскритті үйретуден бас тартады. Ал Джонстың Калькуттаға барғандағы негізгі мақсаттарының бірі мұсылман заңдарын құрастыру еді, себебі, бенгал халықтарының басым бөлігі мұсылмандар еді.

Джонс Үндістанға барған сапарының басында санскрит тілін білуді қажет деп санамағанмен, кейіннен оны да меңгере бастайды. Өз дәрістерінің бірінде ол: «Санскрит қаншалықты көне тіл болғанына қарамастан керемет жүйеге ие. Ол грек тілімен салыстырғанда анағұрлым мінсіз; латын тілімен салыстырғанда бай; сонымен қатар ол осы аталған тілдерге етістіктердің түбірі, грамматикалық формалары жағынан да өте ұқсас келеді, бұл құбылыс кездейсоқтық емес; бұл ұқсастықтың күштілігі сонша, егер санскритті меңгерсе, ол тілдерді зерттеумен айналысқан тіл мамандарының бір де бірінің олардың барлығының қазір жоғалып кеткен, кезінде бір қайнаркөзден шыққанына сенуден басқа амалы қалмас еді», – дейді.

Джонс үнді мәтіндерін және олардың аудармасын жарыққа шығарумен белсенді түрде айналысқан: ол 1792 жылы бенгал әліпбиінде жазылған көне Үндістанның ірі драматургі, ақын Калидаса поэзиясының, ал 1789 жылы «Шакунтала» драмасының аудармаларын жариялады.

Джонс алғашқы болып «Грекия, Италия және Үндістан құдайлары туралы» деп аталатын еңбекте салыстырмалы мифологияның негізін салды. Уильям Джонстың бүкіл қызметі европалықтардың Үндістан туралы «жабайы», «мәдениетсіз» деген түсініктерін жоққа шығаруға бағытталды.

Үнді заңнамасы бойынша «Үнді заңдарының жинағы» атты еңбекті зерттеуді Джонс бастағанмен ол аяқтамайды. Бұл жұмысты келесі ағылшын шығыстанушысы **Генри Томас Колбрук (1765–1837)** жалғастырады. 1782 жылдан бастап Генри Колбрук Үндістанда әртүрлі қызметте болды. Санскритті меңгермей Үндістанды зерттеу мүмкін еместігін түсінген ол Үндістанда бірнеше жыл тұрғаннан кейін санскритті оқи бастайды.

Генри Колбрук «Жекеменшік құқығы» (ағл. Law of Inheritance) атты тақырыппен Виджнянешвардың «Митакшару» және Джимутаваханның «Даябхагу» атты еңбектерін аударды. Осы зерттеулерді орындай жүріп, бұл саланы жетік меңгерген ол 1799 жылы өзі басқарған жаңа апелляциялық соттың төрешісі болып қызметке тағайындалады.

1805 жылы Генри Колбрук Калькуттадағы британ шенеуніктеріне арналған белгілі білім және ғылым орталығы Форт-Уильям колледжінің санскрит және үнді құқығының профессоры болып тағайындалады. Колбрук өз саласына үнділердің тілі, діни ғұрыптары, заңы бойынша жазылған іргелі еңбектерімен өлшеусіз үлес қосты. Корольдік Азия Қоғамының директоры болып қызмет атқарды және Қоғамда атқарылған маңызды жұмыстардың барлығы да оның есімімен тікелей байланысты болды.

Қорыта келгенде айтарымыз Шығыс туралы ғылымның қайсысы пайдалы немесе керісінше бұрмаланған деген мәселе нақты бір тұжырыммен немесе үстірт анықталмайды. Шығыстану ғылымында классикалық кезең болсын, жаңа заман болсын әр дерек, әр мәлімет маңызды. Ол тек жоғарыда айтылғандай кешенді ғылымның өз ішіндегі салалық байланыстарын үзбей, бір контексте қаралуы тиіс.

Зерттелмеген тақырып немесе табылмаған деректер, ашылмаған ақиқат бүгінгі күн үшін белгісіз болса – ол оның жоқ екенін білдірмейді, яғни объективті білім үнемі бізге тәуелсіз болып қала береді.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары

1. Эдвард Саидтің «Ориентализм» еңбегінің зерттеу нысаны не?
2. Э. Саид өз зерттеуінде ориентализмнің ғылыми мектебі ретінде неге Франция, Англия елдерін қарастырды?
3. Ориентализмде басқа қандай бағыттар (мектептер) бар?
4. Европа мен Таяу Шығыс елдерінің қарым-қатынасы қай уақыт, қандай оқиғадан басталады?



Кітап: **Ориентализм**

Дәріс: **6. Ориентализмнің зерттеу нысаны және негізгі бағыттар (мектептер).
Ориентализм және Таяу Шығыс**

Өздік жұмыс тапсырмалары

1. Европа елдерінің бірінің ориенталистік мектебі жайлы баяндама дайындаңыз. Таңдау бойынша: Франция, Англия Германия, Голландия, Австрия, Италия, Испания.

Ұсынылатын ресурстар (әдебиет, зерттеулер, видео және т.б.)

1. Said Edward W., Orientalism. London: Penguin, 2003. – 396 p.
2. Э. Саид, Ориентализм. С-Петербург: Русский Мир, 2006. – 639 с.
3. Б.Н. Жұбатова, Ж.М. Төлебаева, Г.Е. Надирова, Шығыстануға кіріспе. Алматы. «Қазақ университеті», 2014.